

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Стилі ерекше 5 қазақстандық дизайнер

ЖАРИЯЛАНДЫ
09.10.2023СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/144239/

Қазақстанның сән индустриясы талантты мамандарға бай. Олардың көбісі тамырын тереңге жіберген, сән индустриясында өзінің ізін қалдырған жандар болса, ал енді басқалары тәжірибелі әріптестерінің нәтижелеріне қарап, өзінің шығармашылық жолына енді қадам басып жатыр. Бірақ бір нәрсе анық – қазақстандық дизайнерлер көпшілікке үлгі бола алады.

Аида Кауменова

Аида Кауменова өзінің жұмыстарында туған жердің озық дәстүрлеріне негізделген сұлулықты көрсету басты мақсат деп біледі. Қыздарға нәзіктік және өзіне деген сенімділік секілді элементерді ұштастып, көпшілікті мойындатқан дизайнер.

Бүгінде Aida KaumeNOVA сән үйі – Қазақстанда шығарылатын люкс киім брендінің бірі. Дизайнер коллекциялары өзектілігімен, заманауилығымен және өзгеше стилімен ерекшеленеді. Олар жылына екі рет еліміздің басты сән апталығы «Kazakhstan Fashion Week» көрмесінде көрсетіледі.

Айя Бапани

Қазақ дизайнерлері көбіне ұлттық бейнелер мен бояулардан шабыттанады. Алайда бұл стильді заманауи силуэттермен үйлестіру оңай шаруа емес. Дегенмен Айя Бапани бұл қиындықты оңай жеңетінімен белгілі. Дизайнердің тәңіршілік мәдениетінен шабыттанатыны байқалады. Ол киізден, жібектен және органзадан көйлектер мен шапандар жасайды. Әрбір киімде сол мәдениеттің көрінісі ретінде көрсетілген, таста салынған суреттерге ұқсас бейнелер кездеседі.

Айнұр Тұрысбек

Айнұр Тұрысбек бұған дейін мемлекеттік компанияда менеджер болып жұмыс жасаған, бірақ жүрегiнiн үнiн тыңдап қызметiнен кетiп, сән индустриясына бет бұрады. Айнұр брендi 2012 жылы бастау алып, содан берi Қазақстан, Әзiрбайжан, Украина, Грузия сияқты елдерде өткен сән апталықтарында өзiнiң топтамаларын ұсынды. Соңғы кездерi брендтiң стилi өзгерiске толы: дизайнер бұрын қара және күңгiрт түстердi жанына жақын тартса, соңғы кезде ашық түстердi жұмысында жиi қолдана бастады. Айнұр Тұрысбек былғары күртешелер мен кең шалбарлар дайындап шығарудан қас шебер, бұл брендтiң өзiндiк ерекшелiгi көптiң жүрегiн жаулаған.

Саида Әзихан

Қазақстандық дизайнер Саида Әзиханның алғашқы топтамасы 2005 жылы көпшiлiк назарына ұсынылды. Сондай-ақ дизайнер жұмысы Мәскеуде, Вашингтонда, Миланда және Нью-Йоркте жоғары бағаланып, елдiң көңiлiнен шықты. Брендтiң клиенттерiнiң арасында қарапайым әйелдерден бөлек, табысты iскер әйелдер мен отандық шоу-бизнес өкiлдерi де бар. Саида өзiнiң жұмысында қарапайым әрi өзгеше көрiнетiн стилдi ұстанады.

Аяжан Жақсыбай

Лондондағы беделдi Scoop International көрмесiнде ТМД елдерiнiң бiрiншi өкiлi және Париж сән апталығына шақыру иегерi атанған қазақстандық дизайнер Аяжан Жақсыбай AIKA ALEMI брендiнiң негiзiн салушы. Бұл брендтiң киiмдерi көбiне тапсырыс бойынша тiгiледi. Негiзгi материал ретiнде дизайнер жоғары сапалы киiз, жiбек, мақта мен трикотажды пайдаланады. AIKA ALEMI – бұл елде аса қатты танымал емес бренд болғанымен, өзiнiң адал тұтынушыларының арқасында сұранысқа ие.

Уалихан Малика

ҚМ АА Күәлiк нөмiрi: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлiгi

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық бiлiм порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.